

« » желтоқсан 2017 жыл

Қаржы лизингі жағдайында әрі қарай денсаулық сақтау ұйымдарына беру үшін лизинг беруші қаражатының есебінен медициналық техника сатып алу бойынша екі кезеңді тендер (5 лот) өткізу

1. **2018 жылғы 9 қаңтарда 10 сағат 00 минутта:** Астана қ., Есіл ауданы, Д. Қонаев көш., 14/3, «Нұрсая» бизнес-орталығы, 13-қабат, сатып алу бөлімі мекен-жайы бойынша тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдерін қабылдау (тіркеу) аяқталады. .

2. **2018 жылғы 9 қаңтарда 11 сағат 00 минутта** комиссия Астана қ., Есіл ауданы, Д. Қонаев көш., 14/3, «Нұрсая» бизнес-орталығы, 15-қабат, мәжіліс залы мекен-жайы бойынша әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімі бар конвертті ашу рәсіміне кіріседі.

3. **2018 жылғы 23 қаңтарда** комиссия хатшысы тендерлік өтінімдерді ашу және алдын ала қараудың хаттамасын Бірыңғай дистрибьютердің www.sk-pharmacy.kz интернет-ресурсында жариялайды.

4. **2018 жылғы 23 қаңтардан 26 қаңтар 15 сағат 00 минутқа дейінгі** кезеңде Астана қ., Есіл ауданы, Д. Қонаев көш., 14/3, «Нұрсая» бизнес-орталығы, 13-қабат, сатып алу бөлімі мекен-жайы бойынша әлеуетті өнім беруші Тендерлік өтінімді алдын ала қараудың хаттамасында көрсетілген комиссияның ескертулері бойынша тендерлік өтінімге толықтырулар ұсынады.

5. **2018 жылғы 26 қаңтар 15 сағат 30 минутта** Астана қ., Есіл ауданы, Д. Қонаев көш., 14/3, «Нұрсая» бизнес-орталығы, 15-қабат, мәжіліс залы мекен-жайы бойынша тендерлік өтінімге толықтырулары бар конвертті ашу жүзеге асырылады.

6. **2018 жылғы 2 ақпанда** тендерлік комиссия қаржы лизингі жағдайында әрі қарай денсаулық сақтау ұйымдарына беру үшін лизинг беруші қаражатының есебінен медициналық техника сатып алу бойынша екі кезеңді тендерге (3 лот) қатысатын әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімін аукционға жіберу хаттамасын әлеуетті өнім берушінің назарына жеткізеді (жіберу хаттамасы «СҚ-Фармация» ЖШС www.sk-pharmacy.kz интернет-ресурсында жарияланады).

7. **2018 жылғы 7 ақпанда** дейін комиссия хатшысы қорытындысының хаттамасын Бірыңғай дистрибьютордың www.sk-pharmacy.kz интернет-ресурсында жариялайды.

8. **2018 жылғы 14 ақпанға дейін** Бірыңғай дистрибьютер қағаз және электронды түрде doc* форматындағы екі кезеңді тендер жеңімпазының техникалық ерекшелігінің көшірмелері қоса берілген медициналық техниканы сатып алу бойынша екі кезеңді тендер қорытындысының хаттамасының көшірмесін беттері нөмірленіп, бірыңғай дистрибьютердің мөрімен куәландырылып, тігілген күйде екі кезеңді тендердің жеңімпаздарымен қаржы лизингі шарттарын жасау үшін қабылдау-тапсыру актісі бойынша лизинг берушіге береді.